

**"Астрахан ауылының № 1 ЖББОМ" КММ**  
**«Математика, информатика және физика» пәндері апталығы бойынша**  
**ақпарат**

Математика, информатика және физика пәндері онкүндігі 13.01.2025-22.01.2025 аралығында жоспарланды.

<https://www.instagram.com/reel/DEuuNY0oDiX/?igsh=MTJkZHB1ZTI0NnA4dg>

≡

Жоспарға сай 13.01.2025 апталықтың ашылуы өткізілді. Сабаққа келген оқушыларды мектептің безендірілген 1-қабат фойесінде математика және физика пән мұғалімдері қарсы алды. Қызықты ойындар, викториналар, пәндер бойынша қызықты сұрақтар, логикалық тапсырмалар оқушыларға ұсынылды. Дұрыс жауап берген оқушыларға тәтті сыйлықтар табысталды.

<https://www.instagram.com/reel/DEw04hQoan4/?igsh=ZjR1b3BsdWlmaG5w>

Онкүндік шеңберінде ашық сабақтар, сыныптан тыс іс шаралар өткізілді. Апталықтың сабақтары мен іс-шаралары өз дәрежесінде өтілді.

Онкүндіктің алғашқы күндері, үлкен үзіліс уақытында, "Қызықты шашки" ойыны ойнатылды. 7а, 7ә, 8а, 8ә, 9а, 9ә сынып оқушылары бір бірімен жарысып шашки ойнады. Ойынның ерекшелігі дәстүрлі дойбы орнына қызыл-жасыл алмалар, түрлі-түсті табиғи шырын және кәмпиттер қолданылды. Шашки ойынның ережесін сақтап, бірақ дәстүрлі шашки тастардың орнына қойлған әртүрлі түсті кәмпит, тәттілерді ұтып алып қуанышқа бөленді. Ойын барысында оқушылар ойлау қабілеттерін дамытып, тез ойланып, тез шешім қабылдауға және ұйымшылдыққа тәрбиеленеді. Жеңгені де, жеңілгені де тәтті сыйлықсыз қалмады.

<https://www.instagram.com/reel/DE133Mzsxvx/?igsh=MWF1aGFjeXR0N3J4bQ=>

=

15.01.2025 күні 5-8 сынып оқушылары шахмат турниріне қатысты. Шахмат ойнаудың балалар үшін де, ересектер үшін де көптеген пайдасы бар. Ол ақыл-ойды дамытады, есте сақтау қабілетін жақсартады, стратегиялық ойлауға және қиындықтарды жеңуге үйретеді. Сонымен қатар, ол әлеуметтік белсенділік пен психикалық денсаулықты нығайтуға ықпал етеді. Шахмат ойыны балаларға математикалық ұғымдарды жақсы меңгеруге, кеңістіктік қиялын дамытуға, оқу мен жазу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Жеңіске жеткен оқушылар жалпы мектепшілік лездемеде сыйлықтармен марапатталады. Турнирге жауапты мұғалім Абишева С.Б.

<https://www.instagram.com/p/DE3n2FNC3Rw/?igsh=MWxydnU2ODI5NzJoaQ=>

≡

"Астрахан ауылының №1 ЖОББМ" КММ-де МИФ апталық жоспарына сай 5-6 сынып оқушылары қатысумен "100-ден жүйрік, мыңнан тұлпар" тақырыпты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты оқушыларды математика пәніне қызықтыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын түрінде ұйымдастырылған сайысты Абай атамыздың өлең

жұмбағынан бастадық. Өртүрлі математикалық сауаттылық, логикалық тапсырмалар шешіп, сандар арасындағы заңдылықтарды анықтады. Жеке жұмыс, топпен жұмыс жасап, математикалық басқатырғылар шешімін табу үшін балалар көп ойланды. Соңында шығармашылық тапсырмада геометриялық фигураларды құрастыруға арналған жинақты пайдаланып геометриялық фигуралар құрастырып жарысты.

Осындай сайыстардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Өткізген математика пәні мұғалімдері Өмірзақ А.Қ., Айтмагамбетова М.Ж. <https://www.instagram.com/p/DE2bVtpsApg/?igsh=ZDdpbHVmeW11aXF6>

17 қаңтар күні 8 «а» сыныбында физика пәнінен «Электр тізбегі және оның құрады бөліктері» атты ашық сабақ өтті. Абақтың мақсаты «Электр схемасын графикалық бейнелеуде электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдана білу». Сабақ барысында физика пәнінің мұғалімі Абишева С.Б. «Зарядтар» әдісі арқылы оқушылардың ынтымақтастық орта орнатылды, «Миға шабуыл» әдісі, жасанды интеллект Андре-Мари Кюри сұрақтары арқылы жүзеге асты. «Ой қозғау» әдісімен эксперимент жасалып сабақтың тақырыбы ашылды. Сонымен қатар, жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргізілді, виртуалды лаборатория «Phet Colorado» арқылы электр тізбек схемасын дұрыс жинап сабақты қорытындылады. Сабақта оқушылардың физика теориясын меңгеруде, өз пікірлерін еркін жеткізе алуға, көзқарастарын білдіруге бағытталған жұмыстар жүйелі екендігі байқалды. Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытты, оқушылардың алған білімдеріне рефлексия жасалынды. Сабақ барысында физика лабораториясына келген әдістемелік жабдықтамалар, приборлар қолданып, әр оқушы практикалық жұмысқа тартылды.

<https://www.instagram.com/reel/DFCTtePN7f6/?igsh=N2lsdGZhNmlyempk>

Физика пәнінен сыныптан іс-шара 7 сынып оқушылардың қатысуымен өткізілді. Ойын сайыс түрінде өткізілген бұл сабақтың тақырыбы «Физика табиғаттың патшасы» болғасын, сабақ әуені әдемі, сөзі мағыналы «Табиғат» әнімен басталды. Сайысты ұйымдастырған Сария Беккожиновна гитара тартып, әнді оқушылардың жүрегіне жеткізіп орындады. Сайыс жоспар бойынша : 1. Физикалық құбылыстар, 2. Ойлан, тап! 3. Кім дәлірек?, 4. Эксперимент, 5. Сөз жұмбақ кезеңдерінен турды. Оқушылар топтық жұмыста өз ойларын ортаға салып, жарысып сұрақтарға жауап берді. Мұғалімнің жасаған эксперименттерін талдап, нәтижесін түсіндіріп, пікірлерін айтты. Мұғалім ұсынған физикалық тәжірибелерді жеке орындап, физикалық тұрғыдан топтық талдау жасады. Соңында жеңімпаздар анықталып, сыйлықтар берілді.

<https://www.instagram.com/reel/DFCU2lbt4Mt/?igsh=MXB6cHkzZHhjOXp6dQ=>

≡

21.01.2025 күні математика пәнінің мұғалімі Айтмагамбетова М.Ж. 11 а сынып алгебра пәнінен ашық сабақ өткізді. Сабақтың тақырыбы: «Комплекс

сандарға амалдар қолдану». Жағымды психологиялық ахуал орнатудан басталған сабақта мұғалім әртүрлі әдіс тәсілдерді пайдаланды. Ережелерді қайталау үшін сәйкестендіру әдісі, комплекс сандардың модулін табу тапсырмасын Word wall.net интерактивті қосымшаға мұғалім ұсынған сілтеме бойынша өтіп орындады. Жұптық жұмыс жасап, слайдта шыққан дұрыс жауаптар арқылы бір бірін тексерді. Тақтада шығарылған есептерді бәрі қосылып талдады. Қорытынды 2 нұсқада тестті әр оқушы жеке орындап, жауап парағына жауаптарын бояп енгізді. Zip Grade мобильді қосымша арқылы жауап парақтарын сканерлеп мұғалім тексерді. Сабақ дұрыс құрастырылған, Сабақтың құрылымы мен кезеңдердің қажеттілігі, олардың уақытқа байланысты арақатынасы, сабақтың идеялығы мен ғылымилығы бәрі жүйелі түрде дұрыс қамтылған. Оқушылар жұмыстың әр алуан түрлерімен қамтылып өте белсенді қатысты. Орындалған тапсырмалардың слайдқа шығарылған жауаптар бойынша әрбір оқушы өзін өзі тексерді, кейін «Ойыңмен бөліс» технология бойынша жауаптар талқыланды. Microsoft Office PowerPoint презентациясына шығарылған тапсырмаларды оқушылар өздігімен де, жұптасып та, тақтаға шығып та орындады.

Сабақтың соңында рефлексия жасалды, оқушылар, сабаққа келген әріптестер сілтеме бойынша гугл формасында кері байланыс қалдырды. Сабақ өте қызық және тартымды өтті. Сабақты қараған әріптестер жоғары бағалады.

Ауа райының қолайсыздығына байланысты МИФ онкүндігінің соңғы күндері кейінге шегерліді. Осыған байланысты алгебра пәнінен 27.01.2025 күні "МИФ" апталығы аясында математика пәнінің мұғалімі Өмірзақ А.Қ. 7"ә" сынып оқушыларымен "Қысқаша көбейту формулалары" тақырыбына ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: қысқаша көбейту формулаларын біледі және қолдана алады. Сабақ барысында әр түрлі әдіс - тәсілдер қолданылды. Оқушылармен жеке, жұптық, топтық жұмыстар жасалынды. Есептер тақырыпқа сай әр түрлі формада болып, функционалдық сауаттылыққа, ұлттық құндылықты дәріптеуге арналған тапсырмалар қамтылды. Сабақ соңында ЖИ арқылы қорытынды болып, оқушылармен кері байланыс жасалды. Сабақ мақсатына жетіп, қызықты әрі тартымды болды.

Информатика пәнінен 11ә сынып «Ақылды үй» атты ашық сабағында Оспанов Д.К., компьютер мүмкіндіктерімен шығармашылық жұмыс жасауға бағыт бере білді, сабақта оқушылар өте белсенді болып, әр кезеңде оқу материалын зерделеуі байқалды, білім деңгейі қалыптасқан деген пікір айтылды. «Ақылды үй» датчиктерінен алынған деректерді шығару бағдарламасын әзірлеу басты сабақтың мақсаты. Жаңа тақырыпты талдау ассоциация технологиясы бойынша жасалды. Практикалық шығармашылық жұмысқа толы сабақ өте қызықты және тартымды өтті. Бағдарламалау тапсырмаларды оқушылар сәтті орындады, алған білімдерін практикада қолданды.

<https://www.instagram.com/p/DFaGI0zsyuE/?igsh=dmE0a3VieTI2dWM0>

5, 6 сынып оқушылар арасында «Маникрафт» турнирі өтті. Сайысқа бсынып оқушылары түгел қатысты. Әр оқушы жеке компьютерде жұмыс жасап, мұғалімнің нұсқаумен, қойылған талаптарға сай практикалық тапсырмалар орындады. Берілген 45 минутта жарысқан оқушылар керемет позитивті әсер алып, білімдерін сынап, жеңіске жету үшін көп оқып білу керектігін ұғынды.

Жоғарыда аталған іс-шараларды өткізуде «Ұстаздың еңбегі шығармашылықтан тұрады» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, әр оқушы қазақ елін дамытушы, әлемдегі дамыған елдермен тепе-теңдікке жетуге ат салушы тұлға екендігін ашып, бағыттадық. Ашық сабақтарға қатысқан әріптестер оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын байқатқаны, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен педагогикалық біліктілігін, сабақты жүргізудегі қолданылған әдістердің нәтижелілігі жайлы пікір алмасып, оң бағаларын берді.

ЖМӘБ жетекшісі

Айтмагамбетова М.Ж.